

# ҚАНЫШТЫҢ ТОҚЫРАУЫН САПАРЫ

(Шығармадан үзінді)

**[Жалғасы. Басы өткен сандар.]**  
—Қарағым, осы сұрап отырғаның Сарыарқаның сан өңірінен кен ашып, зауыт салған атакты бай орыс Попоу емес пе?—деді Шалғынбай Қанышқа.

—Иә, сол.  
—Ә, онда білдік. Өздері біреу емес, бірнешеу болған бұл Арқа төңірегіндегі қазақтары оларды Попов демеу. Попоу деп атаған. Әбден байып, күшейіп, Қарқаралы аты рабына «Ойнарсын Попоуымен» деген сөз мәтелге айналған. Арғы үлкен Попоудың үшінші ұрпағы, былайша айтқанда немересі, кіші Попоу тіпті Қараның ішіндегі кедей Аю-Танабайдың ұзатылап сұлу қызы Жанбәбекті мөлдіреген келіншек кезінде ұнатып, ақыры ақшаның алтынның күшімен, қоймай жүріп, соған үйленген Попоудан тәуір сый-сыбаға алған білікті ру басындағылар бұл іске астыртын атсалысқан. Мұны осы отырған Күсекең де, мен де құлағымыз естіп, көзімізбен көргенбіз.

—Е-е, байлық шіркін оларға не істетпеді дейсің — деп Құспан да қызу мақұлдап, басын шұлғыды. — Қызқақ белшелерінен батқан тек Попоулар ғана емес? Сонау Қарағанды мен Ақбұйраттағы Спәске заводын салдырған Ошаковтың да, мына тұрған Балқаштың жағасындағы Тарғыл тауынан қорғасын ағызған Бекметтің қызы Гүлшаттың да, тіпті өзіміздің Қызылеспенің соңғы билеген Деров мырзаның да жасамағандары жоқ қой!

— Дегенмен, Попоу тұқымдарының байлығы мен билігі басқаларға қарағанда тым оясаң болды ғой, — деді, насыйбай ататын Шалғынбай шырты түкіріп.

— Талай рет жалданып, кіресін тартқан әкеміз оның біз көрмеген талай істерін үнемі аңыз етіп, айтып отыратын, — деп, Шалғынбай енді Қаныштың сұрауына орай бір тың әңгімеге көшті. — Әуелде үлкен Попоу Арқа атырабының ел билеген жайсандарымен тамыр болыпты. Қарды көмірден айырмайтын ақымақ болса, бір сәрі екен. Елу жылғысын бірақ ойлайтын ақылдыға дос-жаран табылмаушы ма еді. Және ақшасы, пұлы бар кісіге ыңғайлы жол аспаннан да кезікпей ме? Содан ол ел ішіне еркін орнығып, жатпай-тұрмай кен іздепті. Оның бұл әрекетіне мал баққан адамдар көбірек жәрдем етіпті. Өйткені, жер сыры алдымен солардың көзіне ілігетіні хақ қой. Попоудың ең бірінші еншісіне айналған Қарқаралының онтүстігіндегі Берікқара кені де тап солай табылса керек. Кейін о жерден алтын, күміс, мыс қазылатынын қараңғы жұрт қайдан білсін. Сол арадағы қалың қоныр тауларды Попоу түгелімен Өтеулі Тіленшиев дейтін қазақтан 285 сом күміс ақшаға сатып алыпты. Оған ауыл старшыны Атшабар Кенжин деген кісі мөрін басып, куәлік беріпті. Бұдан соң тағы осы Қарқаралы өкірігіне жата-

тын Күзеуадыр, Бесшоқы, Кен төбе, Баянауылға жататын Қонды-Қарасу, Қарадыр, Алтынғас сияқты кенді алаптарды да үлкен Попоу өз иелігіне ала беріпті. Сөйтіп, екі өкіріктің жерінен табылған қазынаны алғашқыда жүздеген көлікпен Ертіске жеткізіп, Сібір жақтағы бір зауытқа су үстімен жөнелтіп отырыпты. Бірақ, пайдасына қарай, шығыны да аз болмаса керек. Ақыры, Қарқаралы мен Баянның тең ортасында тұрған Ку тауының Түндікті өзені бойынан зауыт салыпты. Дәл уақытының қай кез екенін біз қайдан білейік, әйтеуір бірсыпыра жыл ғұмыр сүрген зауыт кейін өртеніп кетіпті дейді.

— Ә, оның дәл уақытын, Шәке, біз қағаздан білеміз, — деді Қаныш, Попов жайындағы тарихи мұғалымдарды кәрі шешірсідей кеудесінде сақтап, дұрыс жеткізген Шалғынбайға сүйсінгендей, күлімсірей қарап. — Ол 1844—1861 жылдар аралығы. Бүкіл Қазақстан өлкесі бойынша тұңғыш рет алтын, күміс, одан соң қорғасын мен мыс қорытқан, екі пәшті тұңғыш завод осы болған. Оған керекті кен тастарының, қоспалық заттар мен отынның жүздеген түйе, өгіз арбамен тасылғаны рас. Жұмысқа жалданған жұмыскер саны да белгілі, екі жүзден асыпты. Өмір сүрген он жеті жыл ішінде Ку тауындағы завод 32 пұт алтын араласқан күміс, 80 мың пұт қорғасын, 394 мың пұт мыс өндіріпті. Бұл, әрине, жұмсалған шығынға шаққанда мардымсыз.

— Пәлі, Қанышжан-ау, — деді Шалғынбай жас мейманның лидарына көз тоқтатып, — Пайдасыз болса, өз елінен жырақта, жат жерде үлкен Попоу бскер жүрмейді ғой.

— Оныыз рас. Пайдасыз болса, ол неге жүрсін. Бұл сөкілді жартымсыз әрекеттің өзі де Поповтың тасын өрге домалатқан. Өткен ғасырда одаң үлгі алып, Арқа жерінен кен ұқсатқан өнеркәсіп иелерінің ұзын саны жиырма шақты көрінеді. Ол кезде жалпы қазақ даласында бес жүзге тарта ұсақ кен орындары болса, оның үш жүзден астамы Қарқаралы округінен, қалғандары Павлодар, Атбасар атыраптарынан табылыпты. Бұлардың ішінде 190 кен орыны Поповтарға, 28 кен орыны Ушаков пен Рязанов компаниясына, өзгелері Деров, Перфильев, Фон Рибен, Бродский, Максимов деген кәсіпшілерге қарапты. Ұшы-қиыры шексіз осы бай өлкенің әр түрлілерінен олардың өстіп шұқығандарын тек иенің ұшымен ғана атқарылған іс деп айтуға болады. Жалпы қазына көзі тереңде десек, жер қойнауындағы мұрты сынбай, тіреліп жатқан, сол зіл батпан асыл дүниелерді енді іздеп табу бүгінде басты мақсат болып отыр, — деп, Қаныш көп назарын аударған әңгімесін іркіп, алдындағы қымыз толы тостағанға қол созды.

Асықпай қоныр дауыспен сөйлейтін, білімдер жігіттің айтқан әңгімесі үңсіз зейін қойып тыңлап отырған көптің көкейіне бірден қонды. Солардың ішінсін әлі де сөз орайына жалғыз өзі араласқан Шалғынбай:

— Е, бәсе, кара жер ел аңзындағы атбасындай алтынды «мә», деп ұстата қоймаған екен-ау. Бәсе, бәрінікі құр сандалбай, аласұрған арам тер болған екен ғой, — деді.

Бар пейілімен берілген қарияның қошемет-құрметіне орай Қаныш күлімсірей, жылы ізет қана сездірді. Сөз кезегі тигенде өзі барып келе жатқан Қарсақпай, Жезқазған өндірісінің өткендегі тарихынан, оның бүгінгі бейнесі мен алдағы болашағынан әсерлі әңгімелер қозғады. Шетел капиталистерінің иелігінен 1919 жылы бүтіндей азат етілген ондағы мыс заводы кенес өкіметінің жарлығы бойынша қайтадан жасакталып, былтырдан бері өнім бере бастапты.

— Мінеки, Шәке, талай пайдақуәмедер жауыққан, жаңағы сіз айтқан алтынның үлкен бір қоймасы бұл күнде ел игілігіне жаратылуда, — деп Қаныш пәкірін түйді.

Ашы құрым мен ыстық құмға әбден қақталып, қатырып істелген, тобылғының түтініне жеткілікті ысталған үлкен қоныр торсытан құйылған салқын сары қымызды Қаныш тағы да құмарын қандыра, сүйсініп ішті. Қасындағы Мейрамбек те әбден сусынды. Кешікпей барша топ ауылға қарай аттылы-арбалы үлкен шоғыр болып, қауырт қозғалысты.

Салт атқа мініп, қатар жүрді; жақсы шүйірлесіп кеткен Таңатардың және басқа жастардың жол бойы кезектесіп, Қанышқа айтқан әңгімелері бүгінгі ел жайында болды. Шалғынбай да үйге жеткен соң туған өлкесінің арғы-бергі тарихынан біраз нәрсені баян етіп тастады. Себебісі әңгіме қозғамайтын, айтса орнын тауып, қалампыры аңқыған ашы насыбайды еріңге басып, құмарын таржата отырып айтатын еді. Қазақтың бүгінгі білімді, зерделі адамдарынан Қаныш сықылды ибалы, өскелең азаматы келіп отырған жағдайда шектен шықпай, тіпті жинақыланып, түлеп алғанға ұқсады.

Осы төңіректегі елге қадыры бөлек ақсақалдың алты канат қонырлау үйіне Қаныш бір түрді көңілділік әкелді. Шалғынбай жігіт санатына жана қосылған екінші ұлы Ошақбайға қотан ортасынан бір нән хара қойды алдырды да, сойғындырып тастады. Қарлығын көрші қыз Дәнианы қасына алып, шай жабдығына кірісіп кетті. Қанышпен ұшырасқанына қуанып, әрі ат үстінде онымен жете танысқан Таңатар да қонақ күту қамында жүр.

Сүйегі төп-тәуір кен үйдің есігі тұруді. Сырттан басқа да үйлердің кешкі тіршілік қыбыры, жаққан оттары, будақта-

ған көкала түтіні көрінеді. Кешкілікте қой мен қозының жамырай шыққан дауыстары да толалар емес. Көген басында жүгірген балалардың қой сауған әйелдердің әрекеттері де көңіл аудартады. Ауыл сыртынан суға құлаған аз жылқының тұяқ дүсірі, айғайлаған, дабырлаған адам үндері естіледі...

Қаныш қойын дәптерін тізесінің үстіне қойып, шалдың аузынан естілген әрбір қысқанды жайларды жазып алуға асықты. Үй ішіндегі сөздерге көп араласпай, үңсіздеу отырған Таңатар Қаныштың жазуына қолайлы болсын деп, алдына дөңгелек жер стол әкеп қойды.

Әлдеқандай лықсып келген ойларын қағазға түсіріп болып, басын көтерген Қаныш:

— Арқаның аса көне дәуірінде күйдірілген қыштан, әсем тастан неше түрлі өрнек салып қалаған, көптеген күмбезді ғимарат, зираттар Ұлытау, Сарыкөңгір, Қаракөңгір алқаптарына көбірек шоғырланған. Оныңмәні хандар ордасы көбіне со жақта болған, — деп әлгіндегі біраз әңгімелерді дұрыс арнаға салды.

Ұлытау маңындағы өз көзі көрген Домбауыл, Жошыхан, Алашахан сияқты атакты мәдени мұралар хақында Қаныштың айтқан қызықты әңгімелерін үй ішіндегілер зейін қойып тыңдасты. Бұдан кейінгі бір тыныштық кезінде Шалғынбай ағашы тым көңелеу тартқан, тұрқы ұзын домбырасын қолына алды. Құлақ күйін түзеп, аздан соң онша безілдете қақпай, саусақ ұшымен ақырын дыңылдатып отырды. Енді бір сәтте шал күрсініп қойды да, үні аса майда, нәзік, ескі бір сарынға түсті. Домбыра сағамның бойымен еркін жүгіріп, қос шектің асты-үстіне шебер басқан салалы ұзын саусақтары төрдегі қонақтардың назарына ілікті. Қаныш домбыра шанағын қатты сабаламай, осылай сәнмен әсерлеп тартуды ұнатушы еді. Қазір болмашыдан нәр алып, кербез үнімен құйылған ғажап сазды, сырлы ырғақ әлдекімің жүрек мұңын шерткендей. Көпті көрген көне қарияның ұзақ сонар өмірінің сан қилы болмысынан туған сезім толғанысы тәрізден.

Қаныш та, Мейрамбек те шалға қарай отырып, қос шектен қысылп шыққан, тамаша толқыған, бапты әуенте құлақ түрісті. Перде басқан бек саусақтың жеделдеп жоғарылы-төмен лыпылп қакқан жеңіл қимылынан кейде биіктеп, кейде наз қонырлап, түрленген, сан түрлі нақышпен сыр ашқан әсем сарын кіршіксіз ашық, таза қалыпта шымырлап төгіле берді, төгіле берді.

«Бұл не? Не сарын? Жасы ұлғайған қарттардың қайсы кездерде, іргеде өстіп дамылдап, жантайып жатып, өткен өмір шалғайларын осылай бір ғажап нәзік күй сарынымен шарлап шығатын дағдылары болушы еді. Әлде сол ма? Әлде бұл, көпті көрген Шалғын-

байдың өз қасіреті мен үмітін жарыл шыққан тілсіз қиялының лебі ме? Не бұл?..»

Жасалу үлгісі өте қарапайым, жайдақ домбыра керемет нақ-нақ үнмен сөйлейді. Әбден көнерген қу шапаққа кәдімгі тіл бітіп кеткендей. Оның жайма-шуақ әуезінде ооншалық қартайып, қалжыраған, торыққан көңіл күйі емес, қайта сыйқырлы, мұңлы ырғақ ішінде булыққан, елеулі қайрат жаркылы да білінеді. Ағара бастаған сақалынан, кесек ақсұр дидарынан, жанары таймаған, өткір қыран көзінен асқан ойлылық нышаны анық тапылатын Шалғынбай аздан соң іркілді.

— Шәке, біз естімеген, бір өзгеше лебі ыстық сарынды тарттыңыз. Бұғиыыз қандай күй? — деп сұрады, үздіктіріп келіп тына қалған, әсерлі шертпе сазға тебіренген Қаныш.

— Е, қарағым-ай, бұл қаншалықты елге тараған күй дейсің. Жай бір өз өмірімің ашы-тұшысынан туған көңілдің күйініші ғой. Қартайған кісіде оны-мұны бола береді-дағы. Кешегі жүз он бес жыл өмір сүрген, кезінде қаһарлы Абылайды сынаған өзкінің бабаң Бұқар жырау: «Алпыс деген жасыңыз, о да бір көшкен ел екен» деп, айтпап па еді? Сол айтпақты, тілсіз аспап шанағынан төгілген көрі көңілдің бір шері дағы, — деп, Шалғынбай домбырасын сыр кетіңкіреген сүйекпен оюланған кебезге сүйей салды.

— Адамның асқақ арманынан туған, ай ұрған жүрек шарпынызды байқап отырмыз. Күй сарынына лайық шертісіңіз де келіскен! — деді Қаныш қарияға өз ықыласын ашық білдіріп.

— Дұрыс екен!.. — деп Шалғынбай дауысын созып, таманы кенеді. Төрде, дөңгелек жер столдың астына аяғын жасырып, артындағы құс жастыққа жай жантайған Қанышқа байыптап қарады.

— Тегінде, «жылқы кісінескенше, адам тілдескенше» дейтін рас қой. Сөз қуатына дау бар ма? Кісінің ішкі сырсынайын бір-екі тіл қатысқанда-ақ шамалап, аңдап қаласың. Ал бірақ, өз басым соңғы уақытта сұлу сөздің сыңғырынан тілсіз күйдің ырғағын артық көріп жүрмін. Бұл да көрліктен туған, тыныштық іздеген тосырқаушылықтың бір белгісі ме деймін. Менің күй сазыма ұйысаң, көңіл күйімді де ұққаның, Қанышжан!

Шалғынбайдың тапқырлықпен айтқан бұл шынайы сөзіне балаша елжірегенін Қаныш сездірмеуге тырысты. Ол киіз үйдің ашық есігінен көрінген даланың кешкі жарығына жүзін бұрды. Тыстағы үлкен жез самауыр бұрқылдап қайнауға бет алыпты. Арғы жер ошаққа жағылған оттың шалқыған түтіні селдіреп, ептеп үйге кіре бастады. Соны сезген ғыстағы екі бойжеткен қыз есіктің аспалы киізін түсіріп, дала амалсыз көзден тасаланды.

(Жалғасы бар).